ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІ

Вся

қор 2175
тізбе 1
іс 150

Алматы қаласы

Нысанбек Төреқұлов

«Кенен Әзірбаевтың 91 жасында шығарған өлең-толғаулары». Жазып алған Н. Төреқұлов. Дәптерлер (2 дана). Қолжазба нұсқалар.

Бастапқы және соңғы мерзімі 1975

Құжат саны

Парақ саны 28


іс 150
тізбе 1
қор 2175

1

№1 - дәптер

ТЕТРАДЬ №1

для Кенен Әзірбаевтың

ученика 91 жасындағы класса

школы

шығарған

өлең-толғаулары.

Жазып алған

Н. Төреқұлов.

26 марта 1975

# 91 жасындағы тұғыда.

Жеті жастан басталған өнерлерім
~~Өнерлерім~~
Домбыраға құмар боп сонда үйрендім
Он жас пенен он бесте әнші атанып,
Көк шолақ. Бозторғайға мінберлендім
20 жас жиырма бесте даңқым шығып
Халыққа әнім ақын ~~жа~~ бол беделдендім
Отызда ~~ор~~ орғи, қорғыта қия шауып
Ән мен күй өлең жырға кемелдендім.
Елу мен алпыс жасста армандалып
Мәскеуге тоғыз барып тоғыз келдім
Жетпіс пенен сексенде тойға делесе
Атанып ақку ата кәлбендедім
Партия бастап халқым көтерілсе
Бәйгеден тоқсан жаста келер медім
Әлешпен ардақты елім сыламаса
Бұл бақыт бұл дәулетті көрер медім
Тоқсан ~~шаң~~ біреуіне шыққаннан соң
Түбізден сүткенгедей өлеңдерім
Бар болса қисық жері түзетіңдер
Оқумай үрнектерім өрендерім.



# Аспан қара.

Қалаған тау басынан тастап қара
Атанған сол себептен аспан қара
Бердібек, Берді деген (атақты) ұры, сері
Сүйегін талай малдың шаққан қара
Сай іші бұлың-бұлың қараңғы ~~ат~~ үй
Тығатын ұрлық малды жолдас-жора
Малдан құрық, басынан сырық кетпей
Көзінен талай байдың аққан сора
Жоқ қарап, сол маңайдан жүрген адам
Таяқ жеп малдан безіп қашқан қара
Ойнақтап ор текедей бозбала жүр
Атанған алыс жерге отыз шора
Басында аспан қара бұлт құршап
Жауады кейде жаңбыр, кейде бұршақ
~~А~~ Бердібек барлығының басшылары
Тұрады жар тарапқа ұры жұмсап
Төрт түлік ұрлайтыны қой мен жылқы
Иесі жоқ шаруамен ойын-күлкі
Құс салып, ит жүгіртіп, көкпар тартып
Құлаған қасы-жазы қасқыр-түлкі

Бір сырлы, сегіз қырлы, үде ұйқылы
Амалын адам таппас ұйқы-тұйқы
Бердібек сараң байды жоламайды
Шорт сынған жомарттығы болаттайды
Өткір көз, ор көкірек, түкті жүрек
Бетіне ешбір жанды қаратпайды
Атаңды-ай алны-ақ қарпып асқа тойды
Бүркіт-ей құзар тасқа қонақтайды
Бердібек өзі күйші, өзі сері
Сайгүлік ат, сал-қасқа жігіт тері
Айналып ауыл үстін күзетеді
Кетпейді күні-түні аттың тері
Бердібек, Берді деген екі сері
Күнде той, күнде қызық жүрген жері
Тайды басып, биені жарып жейтін
Атаған қырғыз-қазақ көкжал бөрі
Буларға алысқандар бап келмейді
Айтысып, дауласқандар шақ келмейді
Сырт елден іздеп келген жігіттерді
Үйірге қосып алып жат көрмейді



Көрнекті көзге түсер, өзі көсем
Алдырмас дау мен жауға өзі шешен
Аққөңіл алакөйлек мінездері
Қалағын ақтарғанын ата десең
Өткізер өзбекпен тілі сүйрік
Буларға айта алмайды ешкім бейік
Қуса жетіп, қашқанда құтылатын
Аттары жіресе түнге жүйрік
Өткенін екі етпейді отыз шора
Аузынан шыққан сөзі бәрі бұйрық
Боза ішіп бозбаламен қыза бөртіп
Отырған кешке жақын күйік шертіп
Бес кісі жолдасы бар Сәт кеп қалды
Қасына Еркебайды бірге ертіп
Жігіттер атын байлап саламдасып
Көрісті Бердібек, Сәт құшақтасып
Көтеріп қолтығынан құрметтеп
Енгізді қараша үйге есік ашып
Сәт айтты алыс жолдан шаршап келдік
Жол білмей Еркебайды бастап кел деп
Бердеке атағыңды естуші едім

16

Көруге алтын жүзіңді аңсап келдік
Сәт ішім саған салар көрпемде жоқ
Қой-қозым саған сояр серкемде жоқ
Күтінсең қонақ келмес деген осы
Өзіңді келер деген есімде жоқ
Көруге мен де сені құмар едім
Дәм айдап өзің келдің арманым жоқ
Кей күні мал байлауға жіп таппадым
Кей күні айдауғада ит таппадым
Бөрі мен ері азғын жолда деген
Кедейге мен сияқты сын тақпатық
Түлетіп домбырасын тарта берді
Күлдіріп әңгімесін айта берді
Қараңғы қазақ үйдің есігі ашық
Көлденең тартқан жылқыға бата берді
Қонақтар шайын ішіп сусындаған
Күй менен әңгімеге мейірі қанып
Далаға екі-үшеуі шығып кетті
Келуге түзге шығып, демін алып
Екі елі қазысы бар ішін жарған
Жолдыбай тор жорғасын көрді танып

17 4

Жүрегі сүйдей түсіп, түсі қашып
Қайтадан үйге келді, жедел басып
Көргенін Сәтке келіп айтып жатыр
Құлағына ақырын сыбырласып
Бұл іске Сәттің жаны қызғанда жоқ
Ыза бол, түрі-түсін бұзғанда жоқ
Інінен Бердібекке ер екен деп
Қалам алып, қағазға сызғанда жоқ
Сәт бауырым көрдің міне бұзақыңды
Еркелеп, еркін өскен тозағыңды
Қонақтар құрамасын, тұрақты деп
Отырмын сайын беріп, өз атаңды
Жолдыбай ренжімей отыра бер
Төлеймін тор атыңа, боз атымды
Сен емес малға көзі тоймайтұғын
Бүркіт пен қарға еместі айнайтұғын
Отырмын жарып тастап, семіз атты
Асыққа өзің өлсең сөймайтұғын
Таяқ жеп анада кеп кетіп едік
Есіктен өле-өлгенше қалмайтұғын

Бетіңе Сәт батырдың ұстап кетсің
Жанымды енді болдың қоймайтұғын
Кеп қалды сойған аттың қуырдағы
Жеп жатыр осы той деп бұйырғаны
Жылқыбай қуырдақтан жемей қойды
Көргені еске түсіп жуырдағы
Аяулы, ардақты інім Сәт қарағым
Бетіңе ұялғаннан, жалт қарауым
Келгенше аттандырған ұрыларым
Асықпай, аунап-қунап жат қарағым
Сәт інім бойыңда ұзын, ойыңда ұзын
Азаның таттым, тұрақ дәммен тұзын
Адамның арсымағы таза тұқым
Жүре бер аман болып көген көзім
Мақұл деп, күліп-ойнап үш күн жатты
Дойбы ойнап, Ержебаймен шылым тартты
Күй тыңдап, әңгімеге құрыш қанып
Қызыққа кеше күндей әбден батты
Берді айтты бір жапырақ ет қалмады
Тағы бір ат союға бет қалмады



Кешке жақын қайтам деп сасып тұрмын 5
Аттандырған жігіттер кеп қалады
Отырды домбырасын сыр қозғатын
Сәт отыр бопыразын бұрқыратып
Бір жігіт сүйінші деп жетіп келді
Жылқы ойдан кеп қалды деп шұрқыратып
Бұлқынтып бұйрық тайды таға сойды
Қонақтар күліп-ойнап етке тойды
Сәт шырақ, қонағасың осы той деп
Қазы-қарта, шекесін әкеп қойды
Қасқырды ұрып жатсаң қаңқ етпейді
Бүркітті бүріп жатсаң шаңқ етпейді
Ауыр жүк нартаға артсаң бақ етпейді
Қойыңды сойып жатсаң тырп етпейді
Өзің кес, өзің пішіп ал қарағым
Бердібек енді сатан қыңқ етпейді
Орнына бес, биенің он бес алды
Боз атпен таңдап мініп, нар түйе алды
Құдасы Жылқыбайдың құлқын көріп
Үйіне Сәт батырға қатты ұялды.

Дос болып Бердібекпен құшақтасып
Қош айтып, разы боп кетіп қалды.
Ой шіркін-ай аспан қара, тастан қора.
Қызақ жер екенсің деп, мойып талды
Олжа деп Еркебайға бір ат берді
Сөзіне сойып жеген құр ат берді
Тұрғаушыда туғанның, болсын деген
Кеткенің сенің құры ұят деді

Соңы.

90-жылдың тойында өлеңінің басты кіріспесі.

Туған жерім ар жақта
Мәті бұлақ жар таста
Құтты қонақ бер жақта
Ір-су Қордай тау жақта
Маған арнап үй салған
100 мың теңге жұмсаған
Үкіметтің қаулысын
~~Колхо~~ Киров колхоз қорет алған



~~90-жылдың тойында.~~

Тоқсанға толды Кенекең
Ән-күйге жорға кен екен
Үйғарыпты үкімет
Той істеуге жөн екен
Киров колхоз жерінде
Еңбек сүйгіш елінде
Асыласқар белінде
Қоқыр салқын жерінде
Сағасы құтты көлінде
Даласы толған егінге
Сай-сала толған қотан мал
Таудың ылди-өрінде
Жотасы арпа, ақ бидай
Тамаша той көруге
Тоқсан жылдың тойында
Шір-су, Қордай бойында
Ақ шы мен Болдектің
Қорғы менен ойында
Ұлан асыр той болды
Июнь-июль айында

Компартия бастады
Той болсын деп нұсқады
Комиссия сайлады
Барлық ісін жайғады
Құрылысты құрғызды
Қызу еңбек жүргізді
Көзге түсер көрнекті
Неше алуан өрнекті
Той болатын майданға
Биік сөре тұрғызды
Жазулы бар боз торғай
Шіркін әннің бұлбұл-ай
Биік сөре басына
Қызыл туды ілгізді
Сым қаратай тартқызды
Ильич шамын жаққызды
Радио орнатып
Түрлі әнді айтқызды
Машина жолын түзетіп
Үстіне асфальт жапқызды



Көшелерді гүлдентті
Дом культурда түрлентті
Барлық көше жайнады
Дарақта бұлбұл сайрады
Перекрёстан бер қарай
Қызыл жалау байлады
Ат шабатын айналып
Дөңгелек жер айдады
Дайындықтар біткен соң
Мезгілді күн жеткен соң
Облысы Жамбылдың
Он бір аудан жиылды
Колхоз бенен совхоздан
Үш жүз ақ үй тігілді
Көлге жүзген аққудай
Қатар-қатар тізілді
Салтанатты, сәулетті
Ақ ордалар көрінді:
Жазғы гүлдей, жайнатып
Қыз-бозбала киінді

Қонақтың алды кеп қалды
Той басталды деп қалды
Кілем, көрпе жазылды
Мол дастархан жайылды
Ақ самаурын қайнады
Дастархан беті жайнады
Қонақасы сойылды
Сабада қымыз күпілген
Піскенде буы бұрқылдап
Шараға қымыз құйылды
Милициялар аралап
Күні-түні жүгірді
Арақтың аузы жабылды
Тәртіптің жолы табылды
Магазин жайда ашылды
Асхананың аузы ашылды
Неше алуан жемістер
Есіктен төрге шашылды
Келген адам қаптады
Жер дүниеге батпады



Қазақ үйге сыймады
Қонақ қолын көшеге
Бес жүз үйге сыйлады
Ұлы тойы басталды
Басталды деп ән салды
Бәйге аттары жарысты
Жорға аттары салысты
Қыз қуып, көкпар тартылды
Қыз, жігітті шарт ұрды
Палуандар күресті
Табандарын тіресті
Бұлшық етін бұлтыйтып
Бір-бірімен сіресті
Атты аударыс алысты
Балдары да қарысты
Ақындарда айтысты
Жұрт қазаққа бағысты
Одақтармен Москвадан
Келген қонақ қатысты
Қырғыздар жырын жырлады
Қобызын тартып сырлады

Күйшілер күйін күйлетті
Биішілер биін билетті
Әншілер ән шырқатты
Артистер тойды гүлдентті
Киношылар басып жүр
Тойды аралап суретті
Салтанатты жиында
Халықтың көрдім құрметін
Құттықтау сөйлеп шешендер
Сылықтың көрдім әубетін
Әділетті заманда
Отанның көркін сәулетін
Облысы Жамбылдың
Көрсетті сәнді, дәулетін
Қала менен даладан
Келген ел тойға қарасты
Машина мен атты адам
Қатар тұрып жарасты
Көптігінен адамның
Кемпір, шалдар адасты



Отыз мың адам жетті деп
Даяршылар санасты
Бір жеті күн той болып
Қорам жерлер, ой болып
Разы болып, келген ел
Сәлем айтып тарасты

Насихат.

Оқушы мына сөзге құлақ сал
Баққаны Насихаттың кемпір мен шал
Төрт болып, түн ұйқысыз күтіп отыр
Жегізіп, жылы-жұмсақ, қаймақ пен бал
Баққаны біреуі ана, біреуі жар
Адамды аздыратын, намыс пен ар
Көз ілмей күні-түні жүгіріп жүр
Кәрілікке істейтін не жақ бар
Жуылып, кір қолсыз, шаш пен тырнақ
Бәрінде өзі алады, көз бұлдырлап
Ұяда аузын ашқан қос балапан
Торғайдай жем тасыған жүр шырылдап

Айтқаны бұрынғының ақыл екен
Көрген іс, жақсы-жаман, нақыл екен
Еңбегі Насиқаның ұшан-теңіз
Қайталым алғыс айтым мақұл екен
Қосылған қыз күнінде адал жарық
Бауырыңнан, баладан да жақсы екен
Жоқ болса, сүйегінде тозбес еді
Атасы, немересі да батыр екен
Байтімбет Насиқаның арғы атасы
Ішінде бұл сөзімнің жоқ қатесі
Қордай батыр екеуі қатар барса
Кесілген талай-талай жаудың басы
Байтімбет, Байтүгелге ұран болған
Алдырмас елін, жауға құрал болған
Бар екен балалары бәрі батыр
Олар да жау шабуға құмар болған
Қарабек немересі, жол бастаған
Жолбарыс ұран болып, қол бастаған
Майданда жекпе-жекке шыққандар деп
Тұлпар мініп, қолына ту ұстаған



Баласы бай қалмақтың тұтқын қызы
Атақты Әлмен ақын той бастаған,
Бабаның деген сөз бар батасынан
Берді деп Жолбарысты қалмақтан
Майлы қолтық, салып етек, кең Баба ден
Халықтың ~~нақыл~~ мақал шыққан ортасынан
Ауылы Насиқаның Жамбас-жолда
Тігілген тал түбіне қоңыр орда
Бет алып, сол ауылға жүре қалсам
Басады көңілдегін, қара жорға
Тұрады тал-теректе бұлбұл сайрап
Жүреді Насиқаның қозы жайлап
Қолынан жүрек шайды қанып, ішіп
Жүруші ем анда-санда күліп-ойнап.
Жамбас жол Насиқаның туған жері
Кобелек, балағаным қызған жері
Әкесі ер Қабылтай атаныпты
Болған соң, шаруа жедей, өзі сері
Жайлауы жазда күзгі жалмақ қайтар
Сазына төрттен-бестен бие байлар

Сол сайдың шыққан шөбін, жалғыз шауып
Төрт мая шөп тұрғызған, өзі жайтар
Қыс қатты, қары қалың, балтан жолы
Жалынып шөп сұрайтын талай байлар
Диханшыл еңбек сүйгіш, жігіт екен
Қорғайға бидай, тары, егін айдар
Төрт жігіт Насиқаға таласқанбыз
Ала көз, араз болып қарасқанбыз
Алаң бол, бір қыз үшін, төбелесіп
Конторға бара алмастан қаңдасқанбыз
Насиқа ана үшеуін түңілдіріп, ~~ іші~~
Іші араз, сырты тату жарасқанбыз.
Разбек, ~~әшейде~~ әшейіне де қалыс келген
Ат пенен Алматыдай алыс жерден
Бастығы комсомолдың Дүйсенбаев
Қаладан олда мандат алып келген
Бастығы союз қосшы Әбдіқадыр
Бастықтан қалыс келген мінезі адыр
Мақтаншақ, ақымақ деп айтай салып
Әлі жоқ, та~~мақ~~мо жоқ, құры дабыр.



Мінезі залуан дүңқа — түйіқы
Берем деп жеңгетайға төрт-бес түлкі
Ұялмақ әдеті, күйеу болып, торғешықты
Жастарға мазақ таңып бол~~ып~~ып, ~~жүр~~ күлкі.
Сәудегер малайдайды қоқандықпа
Қорқады сүзісуден тоқал бұқа
Үстінен әлгі үшеуі араз берген
Ревком қыз алды деп тоқалдыққа
Конторға Тоқтанов Қайнас келді
Ісіміз осылайша шатасты енді
Сөз сөйлеп жиналыста, арызды оқып
~~Сол жерде~~
Аттарымыз аталып, бетті ашты енді
Үкімет сөгіс беріп бақырады
Бетке айтып мінімізді қатырады
Түсіріп орнымыздан төртеуімізді
Басқа адам сайлау үшін шақырады.
Үш-төрт жыл ревком боп көрдім тәртіп
Дос тату ~~боп~~, жолдас тату ~~боп~~ қолпеңді артық
Арнайы тігіп қойған отау үйге
Күйеу боп жата бердім әл шырқатып

~~Он жасында үйренбеген~~ Үйренген он жасымнан өнер кәсіп
Жабысқан жаралғанда балы кәсіп
Атаным, әжем ақын, ел еркесі
Халқыммен кете бердім араласып
Той істеп ел шақырды ер Қабылтай
Қой сойып, жылқы сойып жегізіп май
Ойнасып қыз-бозбала бір күн, бір түн
Разы бол ~~кемпір~~-шалдар көңілі жай
Ұзатып Насиқанды елге апарып
Қуаныш той жасадым мен де осындай
Бақытты қосылғалы 55 жыл
Өткенін өмір зырлап осыдан біл
Ата-анамыз қосылған жыл еді деп
~~Өткізді~~ жасады „алтын тойды" қыз бенен ұл
Келеміз тату-тәтті өмір сүріп
Естімей көңіл қалар бір ащы тіл

Қарап шықтым [signature]
28/III-75



Фурмановты қарсы алғанда
Қордайда ревком боп тұрған кезім
Мойынқұмды большевикке бұрған кезім
Жандосов, Бәрібаев елді аралап
Үгіттеп кедей тапты алған сезім.
Ленин мен Маркстің сөзін естіп
Байлардың атызбаз боп екі көзін
Айдатып би болыстар Қордайға әкеп
~~Шорттарға~~ Жендетің қара жолды тұрған едім
Таң ертең бір почташы келді жетіп
Аттары қатты айдаған екпіндетіп
Шегілген пәуескеге екі қара ат
Танаудан ентігіп тұр желпіндетіп
Бекеттің алдына кеп тоқтаған соң
Жүгіріп бір топ адам бізге келдік
Жандосов, Бәрібаев, Боранбаев
Арбадан шыға келді жарқ-жұрқ етіп
Көрісіп кезек-кезек қол алысып
Қарсы алдық ~~дав~~ амандасып құрмет етіп
Жол шауып жатқан бай мен болыстарға
Риза боп қалды маған көңлі бітіп

Үйіне Еркебайдың келе сойдық
Қонақтар отырсын деп етке тойсын
Айтқызып ән мен өлең маған қарап
Отырды тамашалап күліп қойып
Телеграмм тие салып қолымызға
Асығып біздер түстік жолымызға
Түн қатып бекет сайын лау мініп
Шаң қалды шұбатылып соңымызда
Еркебай Кенен менен осында деді
Асығып келіп тұрмыз мұнда деді
Фурманов сағат бірде кеп қалады
Бекетке өгіз сойып сыйла деді
Аттарды астындағы шалдырматын
Жоғарыға ауыл менен жина деді
Екі жүз қазақ әскер оңкей батыр
Туғызған патша байға заман ақыр
Басшысы Фурмановтың өзі болып
Бет алып Алматыға келе жатыр
Мақұл деп қазірінде өгіз сойдық
Байлардан қуып келіп семіз сойдық



Тәртіппен бұл қонақты аттандыр деп
Бастыға Еркебайға сөйлеп қойдық.
Кенен сен біздермен бірге жүресің деді
Сиясың пәуескеге мінгін деді
Қарсы алып Фурмановты құттықтайсың
Белікке домбыраңды ілгін деді.
Қырық елу атты адамдар бірге барсын
Дабылдап бәрін айтып келгін деді.
Қордайдың қатты жүрдік өзенімен
Ертерек тосқақ болып кезегінен
Қырық-елу атты адамдар бірге жүрді
Жүрістің желіп-жортып жеделімен
Жандосов сағатына қарап қойып
Дүрбімен сыбалайды өз көзімен
Аттанып Фрунзеден күн шықпастан
Жолдағы бекеттерге бұрылмастан
Орталық үлкен орда Алматыда
Ол кезде қазақ-қырғыз бір-ақ отан
Жиырма-жиырма бірінші жылдар еді
Ойында әлі де жер ұмытпастан

Қалдутты бекетінен желіп өтіп
Тау-тасты ат тұяғы дүбірлетіп
Шаңдатып қара жолды келе жатыр
Көтеріп қызыл туды желпілдетіп
~~Паровоз~~ Лапылдап екі-екіден атты әскерлер
~~Кеп қалды ізесінде-ақ~~ Ілезде-ақ келіп қалды екпіндетіп
Жасасын қызыл әскер большевик деп
Шулыдап тосқан адам құрмет етіп
Құттықтап әні шырқатып қоя берді
Қолға алып домбыраларды шертіп-шертіп
Фурманов құтты болсын басқан ізің
Қордайдың асуынан асқан ізің
Секілді Лениннің жолдасы едің
Еңбекші елі көрді бүгін алтын жүзін
Жасасын қызыл әскер большевиктер
Күшімен батындарсын жердің жүзін
Атынан қазақ-қырғыз құттықтаймын
Ұлғысын құдатқа айтқан сөзін
Жаңғыртып Қордай тауын күрілдетіп
Музыка барабанын күрілдетіп



Әскердің алдын бастап жол көрсетіп
Қордайдың бекетіне келдік жетіп
Көрсет алып тосып тұрған қалың халық
Құттықтап қол көтерді құрмет етіп
Арқанға мінген атын байластырып
Әскерлер қарап тұрды байқастырып
Еркебай көпті көрген көне кісі
Қойынды барлық жайын жайластырып
Етін жеп төрт елиздің дәм-тұз татып
Қазаққа қызыл әскер жатып батып
Аттарына жоғарыда сулап тойып
Би-билеп күліп-ойнап гармонь тартып
Дем алып екі-үш сағат отырды да
Фурманов ~~аралап~~ жүріп кетті алға айтып
~~Жеңдосов Тәрібасовтар бірге жетті~~
~~Сегізінің~~
Мінгені әскерлердің күрең қасқа
Алаяқ ~~ат~~ төрт аяғы кілең қасқа
Жер жетпес желісіне жер шақ кілес
Секіріп тау текедей тауеш тасқа
Көзбен көріп қоямыз аттанғандардан
Сөзім жоқ айтатұғын бұдан басқа
Арадан Алматыға аз күн жатпай
Тәртіппен большевиктің жолын айтып
Қиратып патшалардың суреттерін
~~[illegible]~~ Ту тігіп орақ балға жалтылдатып.

24

Басқарып барған жатақ өз көзімен
Кетілті Сары-арқаға шеру тартып.

Цена 1 коп. Сорт I

12 листов

1975 ж. янв.–фев.

## МЕТРИЧЕСКАЯ СИСТЕМА МЕР

### Меры длины или линейные

1 километр (*км*) = 1.000 метрам (*м*)
1 метр (*м*) = 10 дециметрам (*дм*) = 100 сантиметрам (*см*)
1 дециметр (*дм*) = 10 сантиметрам (*см*)
1 сантиметр (*см*) = 10 миллиметрам (*мм*)

### Меры площади

1 кв. километр (*кв. км*) = 1.000.000 квадратных метров (*кв. м*)
1 кв. метр (*кв. м*) = 100 квадратным дециметрам (*кв. дм*) = 10.000 кв. сантиметров (*кв. см*)
1 гектар (*га*) = 100 арам (*а*) = 10.000 квадратных метров (*кв. м*)
1 ар (*а*) = 100 кв. метрам (*кв. м*)

### Меры массы

1 тонна (*т*) = 1.000 килограммов (*кг*)
1 центнер (*ц*) = 100 килограммам (*кг*)
1 килограмм (*кг*) = 1.000 граммов (*г*)
1 грамм (*г*) = 1.000 миллиграммов (*мг*)

### Меры объема

1 куб. метр (*куб. м*) = 1.000 кубических дециметров (*куб. дм*) = 1.000.000 кубических сантиметров (*куб. см*)
1 куб. дециметр (*куб. дм*) = 1.000 куб. сантиметров (*куб. см*)
1 литр (*л*) = 1 куб. дециметру (*куб. дм*)
1 гектолитр (*гл*) = 100 литрам (*л*)

Қарап шықты

350 тысяч

Повторяю

27/III-75

## ТАБЛИЦА УМНОЖЕНИЯ

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 × 1 = 2 | 3 × 1 = 3 | 4 × 1 = 4 | 5 × 1 = 5 |
| 2 × 2 = 4 | 3 × 2 = 6 | 4 × 2 = 8 | 5 × 2 = 10 |
| 2 × 3 = 6 | 3 × 3 = 9 | 4 × 3 = 12 | 5 × 3 = 15 |
| 2 × 4 = 8 | 3 × 4 = 12 | 4 × 4 = 16 | 5 × 4 = 20 |
| 2 × 5 = 10 | 3 × 5 = 15 | 4 × 5 = 20 | 5 × 5 = 25 |
| 2 × 6 = 12 | 3 × 6 = 18 | 4 × 6 = 24 | 5 × 6 = 30 |
| 2 × 7 = 14 | 3 × 7 = 21 | 4 × 7 = 28 | 5 × 7 = 35 |
| 2 × 8 = 16 | 3 × 8 = 24 | 4 × 8 = 32 | 5 × 8 = 40 |
| 2 × 9 = 18 | 3 × 9 = 27 | 4 × 9 = 36 | 5 × 9 = 45 |
| 2 × 10 = 20 | 3 × 10 = 30 | 4 × 10 = 40 | 5 × 10 = 50 |
| 6 × 1 = 6 | 7 × 1 = 7 | 8 × 1 = 8 | 9 × 1 = 9 |
| 6 × 2 = 12 | 7 × 2 = 14 | 8 × 2 = 16 | 9 × 2 = 18 |
| 6 × 3 = 18 | 7 × 3 = 21 | 8 × 3 = 24 | 9 × 3 = 27 |
| 6 × 4 = 24 | 7 × 4 = 28 | 8 × 4 = 32 | 9 × 4 = 36 |
| 6 × 5 = 30 | 7 × 5 = 35 | 8 × 5 = 40 | 9 × 5 = 45 |
| 6 × 6 = 36 | 7 × 6 = 42 | 8 × 6 = 48 | 9 × 6 = 54 |
| 6 × 7 = 42 | 7 × 7 = 49 | 8 × 7 = 56 | 9 × 7 = 63 |
| 6 × 8 = 48 | 7 × 8 = 56 | 8 × 8 = 64 | 9 × 8 = 72 |
| 6 × 9 = 54 | 7 × 9 = 63 | 8 × 9 = 72 | 9 × 9 = 81 |
| 6 × 10 = 60 | 7 × 10 = 70 | 8 × 10 = 80 | 9 × 10 = 90 |

Камский целлюлозно-бумажный комбинат, гор. Краснокамск Пермской области.
Изготовлено из бумаги писчей № 2 ГОСТ 18510—73
ГОСТ 12063—66 Артикул 1081 1974 г. II кв.

~~38~~15

№2-ші дәптер



ТЕТРАДЬ №2

Кенен Әзірбаевтың
91 жасында шығарған
өлең-жырлары
Жазып алған
Н. Төреқұлов.
28 марта 1975.

ученика ___ класса ___
школы ___

Бұрынғы „Жалшы~~лар~~" 

Бұрынғы жалшыларға қарағанда,
Жататын жазда-қыста балағанда
Үстінде үй, баурында қазаны жоқ
Оларды жан деп ескере салатын ба ??
Қоңыр тон, шошқат бөрік, киіз етік
Лыпа жоқ тар жамаулы балаларда
Қасқыр жеп бір тоқтысын кетсе байдың
Бақыртып кешке дейін сабағанда.

Жоқтайтын келе жатса қол шұқырын,
Бойына ішкен асы тараған ба ?

Бүгінгі малшы

Бүгінгі арман бар ма, малшыларда ?
Қарашы бұрынғы өткен жалшыларға
Киімі әсем киім, қолда сағат,
Астында мінген аты жүйрік жорға

39

Жаз жайлау, көктеу-күзде қар
Қазақ үй отыртады аппақ (жаутанша) орда,
Орнатады радио-телевизор,
Жүгіне ән-күй тыңдап, оң мен солда.

Қос болса отыратын үйің дайын
Шипалы өзінді сарай, қора жайың
Жем шөбі қуюлы қолында, шөп үюлі
Газбенен қайнап тұрған ет пен майың

Партия мен өкімет бағалап тұр
Малшылардың жақсартып тұрмысын
Көмеде көрікті үйің стандартты (жасайтын)
Электр Ильич шамы жарқылдатты.

Үйіне енген адам ішіңдегі жоқ
Жиһаздан асыл не түрлі заттар
Огород, үй іргесі, бау мен бақша
Ақша-өрік желістері болдан бәрі

40 17

Трубамен жер астынан су келтірген,
Фонтаннан күміс судың сарқыраты.
Бұрынғы өтіп кеткен бай-манап,
Көрген жоқ бұл сияқты рахатты.

Аспанда ұш, дарияда жүз ерік өзіңде,
Жердегі көріп жүрміз салтанатты
Қой бағып, қозы өсірген малшыларға
Ерлік атақ беріп, орден тақты

~~Сан алысқа партияға санын алысқа~~
Айтамыз партияға санын алғыс
Халықтың көкей тесті ойын тапты

~~Өмір қозының~~ Баламның
таң

Өмірдің ~~құрбаны~~ ойнына батқан қозың,
Асуда ақ сақалмен атқан қозым
Көктемде көпіршіген суға түсіп
Жалаңаш сайындағы уығын шаққан қозым.

Туған жер топырағында қандай өстің!
Шекеп аулақ-қуылан жатқан қозым,
Бөлім бес-ау тасты қолға алып,
Баласын аландада қаққан қозым.

~~Жеткен~~

Он жастан тоғыз жасқа шыққан соң,
Анамыз ~~ауыл~~ байбоқ қой~~дың~~ын бағыңқан қозым
Шай мен кеңілектің жұмартқасын
Үйдан қарап жүріп тапқан қозым.

Тасыма Мәдібұлақ сыбан алып,
Әрі қой, Бозортауда айтқан қозым
Әйтеуір қой соңында ~~жүріп~~ ойнап-жүріп
Ауылға кешке қарай қайтқан қозым.



Қурай мен қолыстан сарыған жасап
Созатын сыбызғыны тартқан,
Кейін жал, сыбызғыда дарбып ~~бер~~ қозым
Жүрі-жас ені көзім сатқан деп қозым.

—— " —— " —— " —— " —— " ——

## Жеңем-ай

Ұядар шешем орнына ана болған жеңем-ай
Балаларға басқа дана болған жеңем-ай.
Өтірік пен өсекті қаламаған жеңем-ай
Ағайынға ала көз қарамаған жеңем-ай
Бармағынан бал тамып дана болған жеңем-ай,
Үнісінен айрылған ағалардан жеңем-ай
Рақымбай, Күміс-деп бағалаған жеңем-ай
Мәкен менен Ақын-деп аймалаған жеңем-ай.
Қайда, уайым жүрегін жараламаған жеңем-ай
Бір ауылдан бір өзі дара қалған жеңем-ай



## Енді менде арман жоқ.

Тұңғыш қызы Талжанбек
Алпыс бесте қалды кеп
Екінші қыз туғанда
~~Ат~~ Ұлтай қойды атын
Артынан ұл түсер деп
Ата жолын қуар деп
Үшінші қыз туғанда
Төрт жеңгір мен біршал деп
Естіген ел күлсін деп
Артынан іні ерсін деп
Түтін тура шықсын деп
Үйге ие боп тұрсын деп
Май құйрық боп екі қыз
Оқымақ түгел тақ жұлдыз
Көп кешікпей ұл туды
Жарқ еткендей Ильич шам
Жанбол келіп қуанып
Атын қойды Көржекжан
Тағы да бір ұл туды

Ұл туған соң күн туды.
Тоғызыншы май күні
Жау жеңілген әйгілі
Атын қойдым Бақытжан
Тағы да бір қыз туды
Атын қойдық Ақтамақ
Еркелетіп өсірдім
Ақтамақты мақтамақ
Кенже қыз туды Ақбілек
Ода өсті еркелеп
~~Ө~~ Үл қыздарды сүйгенде
Бойымызды балқытты
Тарпыл-тарпыл жүргенде
Ойымызды шалқытты
Бесінші класс біткен соң
Мұратыма жеткен соң
Үш қыздарымды оқыттым
Үй әперіп қаладан
Немді аядым баладан
Ішкен асым бойыма



Содан кейін таратам
Мезгілді оқу болған соң
Жастарға да толған соң
Құтылуға міндеттен
Армияға барған соң
Екі үш жылап бітіріп
Қайтқан елге келген соң
Өздері сүйіп қалаған
Қыз әкеді қаладан
Халық малсыз қадесіз
Табылмаңдай даладан
Екі келін түсірдім
Көңілімді өсірдім
Екі дүркін той жасап
Келінжан деп ән шырқап
Жүйрік аттай көсілдім
Байлаулы малдай шешілдім.
Қоржынжан мен Бақытжан
Екі өркені түбегім
Екі емшегі биегім

~~Немерен мен~~



Қыздар өріс қонысым
Олда бала-күйеуім
Немерем мен шөбере
Туа жатыбыр сүйгенім
Ақ ешкіге торланып
Жүрген шақта ән салып
Болты қабыл тілегім
Содан кейін басылып
Тарсылдаған жүрегім.
Партияның панасы
Ардақты елдің арқасы
Әбір мен атаққа
Бірте-бірте қол жетті
Қол көсір боп мол жетті
Ұлан-асыр той болып
Тоқсан жылдан олда өтті
Қарқ шығып қозғалтен
Өмір зорлап денде өтті
Тоқсан бірге жас жетті



Әділетті заманда
Әлі Отаным аманда
Енді менде арман жоқ
Айтар сөзім қалған жоқ
Өткен күнді сағынып
Енді отырмын шүкір қып
Балаларға бағынып.

— — — — — —

## Құм төбе.

Ескі әдет жаңа әдеттің арасында
Еркектің әйелменен таласында
Азырақ көргенімнен өлең жаздым
Оқушы құлағыңда саласыңба?
Болғаны рас болса әбел теңдік
Жандосов арыз айта сабан келдік
Кеңесті ортасына қамап алып
Көрсетпесің еркектерден зорлық көрдік.
Әйелдің ~~жылдыем~~ жанадім атам Шынар
Көруге өнер тазды халық құмар
Кеңесті ортамызға босатсын деп
Үстінде көп әйелдің арызы бар.

Жиналдық 500 әйел құм төбеге
Шашқандай ойнау-көркем бұл төбеге
Кенені сол төбеге отырғызып
Өнерін көрсетпекші әйелдерге
Отырсын ортамызда ән шырқатып
Қаршыға әйел табу қайсың батыр
Кеше жаңқон еркекті қуып тұрсын
Қалыштан жасауылдар жорғалатып
Жандосов әйгі әйелге күлімсіреп
Осындай өткір әйел елге керек
Ілесіп сол әйелмен бірге келген
Болған соң сөзге шешен өзі зерек.
Отырған көп халықтың ортасында
Сұраған жауап беріп қолқасына
Жандосов қолын бұлғап шақыртқан соң
Жүгіріп келді тура өз қасына
Жандосов жаман жолға бастамайтын
Күпінің мен сондай деп мақтанбайтын
Сыйлайтын ата-анасын кішілерін
Қасынан қайда барса тастамайтын.



Екеуі мені солай ертіп барды
Жандосов домбыраны да шертіп барды
Үстіне құм төбенің отырғызып
Қош айтып көп отырмай кетіп қалды.
Еркектер мен бармасын өсектер деп
Сыбырлап осы сөзді еске салды
Кестелеп шалбар киген кемер белдік
Әйелін Жолайырдың сонда көрдік
Кенекжан өлеңіңді айта бер деп
Шығар жұрт жаны қалмай зар жүгіріп
Киген қыздарының асыл мата
Басында кәмшат бөрік мойнында алқа
Екпіндеп жүйрік айтпай ән шырқадым
Көрген соң көп әйелді қозып арқа
Тарқадық кешке жақын қалың әйел
Қол бұлғап қош айтысып қайта-қайта
Осындай құм төбеде болды қызық
Жүргендей аққу қаздар көлде жүзіп
Тарқады алқа айтып бүгін әйел
Жүргендей қырдың түрлі желіс үзіп

Той жасап Жалайырлар атын шапқан
Көз қуып, бағана атып жамбы атқан
Үш жүздің балаларын бастан қосып
Үш төрт күн тамашалап елге қайтқан.
Қазақтың ескі әдеті бәрі мақтан
Көл көсір берекелі мол дастарқан
Қорғап-қарап сарамайдың аузын ашып.
Қапта тұр исі аңқыған жиде-талқан.



## Қалай танисың

Ат болатын құлынды
Желі бастан танисың
Адам болар ұлыңды
Жолдасынан танисың
Батыр болар балаңды
Тұлғасынан танисың
Жақсы болар балаңды
Ел қасынан танисың
Бай болатын балаңды
Мал баққаннан танисың
Кедей болар балаңды
Көп жатқаннан танисың
Ұры болар балаңды
Түн қатқаннан танисың
Шешен болар балаңды
Тіл қатқаннан танисың
Епті болар балаңды
Ән қосқаннан танисың
Сорақ болар балаңды

Зар қаққанын танысаң
Шаруа болар балаңды
Шөп шапқанын танысаң
Үй-күшіке болар балаңды
От жаққанын танысаң
Етікші болар балаңда
Шот шапқанын танысаң
Уста болар балаңды
Балтасынан танысаң
Ағашшы болар балаңды
Балғасынан танысаң
Әбзел қандай боларын
Анасынан танысаң
Қасың менен досыңды
Қарасынан танысаң
Шебер болар қызыңды
Бармағынан танысаң
Асыл менен жасықты
Салмағынан танысаң

Жақсы әйелі бар үйден ырыс кетпес
Жаман әйел бар үйден ұрыс кетпес
Қылыш кесер басында қылышы кетпес
Бұрынғының айтқаны бұрыс кетпес
Аран қонақ ауылынан тамағы кетпес
Ұя салар үйіне жаудың қайтқан
қарлығаш
Жыланның көзін ақыз деп
Тәуеттен екі сөз айрылмас
Дос адамның белгісі қарлығаштай
Қас адамның белгісі қара тастай
Жолдас болсаң дос болсаң жақсыменен бол
Ой-өлеңше жетпесің аразласпай

## Май мейрамта

Жыл сайын біріңші май бір келеді
Көктемде күллі әлем түрленеді
Тау мен тас қала дала орман-тоғай
Құлпырып тоқсан түрлі гүлденеді
Май айының маужыраған мезгілінде
Сандалы бұлбұл сайрап ән береді
Әр түрлі әсем құстар тамашалап
Құттықтап май мейрамын сәндеседі
Ұшқан құс жүгірген аң жан-жануар
Өркендеп өсіп-өніп төлдейді
Көктемде көк егіндер тақталанып
Кілемнің түріндей боп әрленеді.
Күркіреп жаңбыр жауып күн ашса
Көркейіп күллі өсімдік дәнденеді
Мал баққан, пішен шапқан егін орған
Еңбектің рахатын ел көреді
Өзіңен Лениннің келе жатқан
Шындықпен әділетке кім ереді
Өрнектеп бейбітшілік адал заңға
Жер жүзін ұлы Отан меңгереді.



## Ескерткіш

Жас күнде тасығандай қайрат күшің
Толықсып толған айдай көрінісің ?
Сол қалыптан айнымай тұра бермей
Орақтай боп қалғанда күйеді ішің
Күркіреп жауып кеткен өткіншідей
Секілді өмір солай өкінішің
Орақ орып, кетпенді шапсам да,
Ән мен күй, өлең еді бар пайдасым!
Он жасымнан ән шырқап, өлең айтып
Халқымның қандырып ем құлақ құрышын,
Мың ойлап, жүз күлдіріп, еңбекші ем,
Сайраған саздағы бұлбұл құс ем
Астана Москваға тоғыз бардым ем
Ән шырқап Қазақстан халқы үшін
Толғанда 90 жасқа той тойлаған
Халқымның көзбен көрдім қуанышын
Баталап ән шырқымды Компартия
Медаль менен орденге толды төсім
Елестеп көз алдымнан өтіп жатыр

Секілді сол өмірлер көрген түсім
Тілден басқа денемнің бәрі өзгерді,
Түсе-түсе таусылды отыз тісім.
Айнала Алатауды шапқан дүлдүл,
Жарыммен кетпей отыр қайтып ішім
Шыңғыс ақын 91 дің төбесіне,
Халқыма айтып қайтадан ескерткішім
Тарихта өлеңіммен жырым жүрсін
Халықта ән күйімен үнім жүрсін
Айтқаны атамыздың ұнас қой деп,
Оқыған ұрпақтарым біліп жүрсін
Сызалай суреттерді басып алып,
Төріне ескерткіш қып іліп жүрсін

Торткен

Ел ұнады Торткенге.
Атаның жолын қуткенге
Ән, күй, жырын оныңдан,
Домбырасын шерткенге.
Ерінбей айтып береді
Келгенменен кеткенге



Құмар еді жасынан
Елге еңбек еткенге
Әншілермен танысты.
Өнерлерін салысты.
Күйшілер-мен қағысты
Жібермеске намысты.
Он саусақпен ойнатып,
Домбырамен қағысты,
Атаңның әнін айт деп,
Жаңа дала табысты.
Дауысын естіп еңбекші ел
Ынтазар болып қалысты
Домбырада үйреніп,
Даңғылдарды дауысты.
Қырғыз деген қазақта
Тез танады дабысын
Атаңның досын көрем деп,
Ерзакович барысты.
Бірін-бірі көрген соң,
Қой қозыдай табысты.
100 ден аса ән-күйін
Нотасына жазыпты
Бірлесіп еңбек істеуге
Уағда қол алысты.

## Ұлы Октябрь ұраны



Ұранын Ұлы Октябрь ұшқан жылы
Жарқ етіп нұрлы күннің шыққан жылы
Ленин еңбекші елдің алдын бастап,
Жеңіс туы өз қолымен тұтқан жылы
Езген кім, сүйген кім зерттелді,
Би болыс бөденедей бұққан жылы,
Көпшілік көзге түртіп бай-манапты
Жегенін желкесінен шыққан жылы,
Қан сорған залым бойы тауыздарды,
Атып, айдап түрмеге тыққан жылы
Анасын қасиен досын білген жылы,
Еңбек қып ер жігіттер жүрген жылы
Кедейлер жер мен суға ие болып,
Алғашқы бораздасын тілген жылы,
Атаның арманда өткен кегін алып,
Жауыздың желкесіне мінген жылы



Патшалар бай құл тұтқан боп тұтқан түсін
Өзінің көріне өзі енген жылы!
Алаяқ алаш орда, бандаларды
Талқандап қызыл әскер жеңген жылы,
Көп халық тап жігімен қол ұстасып,
Артынан Лениннің ерген жылы.
Құтылып құл менен күң бұғауынан
Алғашқы жарық сәуле көрген жылы
Көзбен көрі қолымен орна-тысқан
Қуанып ел мен бірге күлген жылы
Азырақ өлең жаздым соқ түсін,
Отанымыз оқысын деп, қызбен жылы!
Орнасын жер жүзіне Коммунизм
Тігілсін орақ балға, жеңіс туы.

# Қыстан сақтану

Партия табиғатының білім сырын,
Көктемде-ақ ел байқады жемдік түрін,
"Қылышын сүйрей қыс қатты келеді" деп,
Ескертті Компартия күні бұрын.

"Жамандай" қоғам малдың жем мен шөбін
Жер жомарт аямай береді барсаң тегін.
Ер әйел еңбек сүйгін, еңбек ерлер
Төгіпсің ел алдында маңдай терің

"Орақ пен егін орар" алдыменен
Шөп шабар колхозшылар мал-шыменен
Шыныққан еңбек істеп ер мен әйел
Саусақтан ән шырқайды айтып өлең,
Қаматтас колхоз, совхоз аты жүйбай
Келеді еңбек істеп жүйбын жазбай
Қолмайын шөп машина қатар жүрді
Секілді көлде жүрген аққу қаздай
Осында екінші тың үлкен байлық
Көп шынықты еңбек батыр қайды тайын



Қыста аяз, жаз ыстықта төзіп берік,
Бағатын қоғам малды ерлі-зайып,
Мал жейді жердің шөбін жыл 12 ай
Ызғытқан қоғам малы сала мен сай,
Қырық түрлі жер сонысын жеген малдар
Алады жаңа бақша екі есе май
Айтқаны партияның әділ түрі
Колхоздың қоғам малда халықтың ие.
Бақпасаң мал кетеді" — деген мақал
"Қой, жылқы, шошқа, тауық, сиыр, түйе.
Қыс болса сын ~~болады~~ келеді машыналарға
Өтірік бір топтың қаншығарма
Тілектес қатты қыс пен қасқыр,
Қаңтардан басқа қайтсын қыздың қадылман,
Жарқ өтіп, шыға қалса, жайдары қарта
Тілектес кемпір мен шал болады жаз
Түлік мал төлімен қаптап жатса
Болмайды машыналармен ешкім араз.
Айтқаны партияның үлгі мақсат
Ленин салай үлгі кеткен тастап.

жас машины, жаңа талап уч-қызда-
рым,
Шыңыздар қодам малды қыстан,
сақтан.

ТОРЖЕСТВЕННОЕ ОБЕЩАНИЕ ПИОНЕРА
СОВЕТСКОГО СОЮЗА

1975 ж. янв – фев

„Я (фамилия, имя), вступая в ряды Всесоюзной пионерской организации имени Владимира Ильича Ленина, перед лицом своих товарищей торжественно обещаю: горячо любить свою Родину, жить, учиться и бороться, как завещал великий Ленин, как учит Коммунистическая партия, всегда выполнять Законы пионеров Советского Союза.

Қорап шығыны
300 жылдық олиу
[illegible]
28/III-75

Камский целлюлозно-бумажный комбинат,
г. Краснокамск Пермской обл.
ГОСТ 12063—66 Артикул 1081
Изготовлено из бумаги писчей № 2
ГОСТ 18510—73
1974 г. кв. II
Цена 1 коп. сорт I 12 листов